



**БАРЛЫҚ
МЕКТЕПТЕ
КЕҢЖОЛАҚТЫ
ИНТЕРНЕТ ІСКЕ
ҚОСЫЛАДЫ** 3>>



**АРАЛДЫ
ҚҰТҚАРУ
ӘЛЕМДІ
ҚҰТҚАРУМЕН
ПАРА-ПАР** 4>>



**ЖАҢҒЫРТУ
КӨП
ТҮЙІТКІЛДІҢ
ТҮЙІНІН
ТАРҚАТАДЫ** 5>>



**АЛЫП
ТҮЛҒА,
СОМ
БІЛЕК** 6>>

PREZIDENT I

Жетістіктерге жетелейтін жеті міндет

Елбасы Парламенттің алдында ел өмірін жақсартуға бағытталған басымдықтарды айқындап берді

1 қыркүйекте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы өтті. Отырысты регламентке сәйкес, Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин жүргізді. Ол алтыншы шақырылымдағы Парламенттің төртінші сессиясын ашып беру үшін сөзді Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа берді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабына сәйкес VI шақырылымдағы Парламенттің төртінші сессиясын ашық деп жариялаған Елбасы депутаттарды жаңа парламенттік маусымның басталуымен құттықтады.

– Сіздер, жазда өңірлерді аралап, елдің тыныс-тіршілігімен жете таныстыңыздар. Халықты не толғандыратынын, қандай мәселелер бар екенін көзбен көріп, біліп келдіңіздер. Ол барша қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту жолындағы қызметтеріңізге қажет. Кезек күттірмей қолға алынуға тиіс маңызды жұмыстар жеткілікті, – деп жалғастырды өз сөзін Мемлекет басшысы.

Қос палатаның бірлескен отырысында басымдықтарды айқындап, бірден іске кірісуіміз керек. Стратегиялық нысана белгілі. 2050 жылға дейін дамыған 30 елдің қатарына қосылу – біздің айнаымас межеміз. Осы жолда дәйекті саясат пен кешенді шаралар жүргізіп, мақсатты түрде алға басып келеміз.

Мен Бес әлеуметтік бастамады жария еттім. Парламент пен Үкімет бірлесіп жұмыс істеп, оны жүзеге асыруға қажетті барлық заңнамалық алғышарттарды жасады.

«7 – 20 – 25» бағдарламасы бойынша алғашқы несиелер беріле бастады.

Қосымша 20 мың білім гранты бөлінді. 70 мың орындық жатақхана құрылысына дайындық аяқталды.

Жаңа жылдан бастап жалақысы төмен азаматтардың табыс салығы 10 есе азаяды.

Жеке іс бастауға берілетін шағын несиелер көлемі 62 миллиард теңгеге көбейді.

«Сарыарқа» газ құбырының құрылысына дайындық жұмыстары аяқталып қалды.

Осылайша, мен жариялаған әлеуметтік жаңғырту іске асырудың негізі қаланды, деді Елбасы.

Депутаттық каникул кезінде сіздер өңірлерде болып, тұрғындарды толғанған практикалық мәселелермен тереңірек таныстыңыздар.

Алтыншы шақырылымдағы депутаттық корпус жоғары кәсібилік және Үкіметпен өзара үйлесімді іс-қимыл таанытты.

Үшінші сессиясының қорытындысы бойынша Парламент талқылауларға сарап-



шылар, азаматтық қоғам өкілдері мен бұқаралық ақпарат құралдары қатысқан 87 заң қабылдады.

Осы жылдар бедерінде дәйекті реформалар жолымен біз биліктің барлық тармақтарының өзара іс-қимылын теңдестіре отырып, мемлекеттік жүйенің тиімділігін арттыра түсудеміз.

Экономика мен қоғамды тиімді жаңғырту үшін жағдайлар жасалуда. Өткен жылдан біз

экономиканың әлемдік орта өсу қарқынынан асып түсе бастадық. ІЖӨ өсімі 4 процентті құрайды, инфляция 5,9 процентке дейін төмендеді, инвестициялар 24 процентке өсті.

Экономикалық өсімнің қозғаушы күші шикізаттық емес сектор – өңдеу өнеркәсібі, көлік және қызмет көрсету саласы болды.

Осындай жағдайларда мен жариялаған Бес әлеуметтік бастаманы сапалы жүзеге асыру маңызды.

Қысқа мерзімде Парламент пен Үкімет тарапынан қажетті нормативтік-құқықтық база толықтай қалыптастырылды. Бұл 6 миллион қазақстандықтың өмір жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Осылайша ел өсіп-өркендеуінің шешуші шарты болып табылатын біздің азаматтарымыздың бірлігі нығая түседі, деп атап өтті Президент.

2-бет

БАУЫРЛАСТЫҚ БАЯНЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз Республикасына сапарында алдымен Сооронбай Жээнбековпен кездесті.

Кездесуде Қазақстан Президенті Қырғыз Республикасының Тәуелсіздігі күнімен құттықтап, бауырлас халыққа тыныштық пен тұрақтылық және бақ-береке тіледі.

– Қазақ пен қырғыздан жақын халық жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап мен әрдайым Қырғызстанды қолдап келемін, – деді Қазақстан Президенті.

Сооронбай Жээнбеков шақыруын қабыл алып, Шолпан-Атаға келгені үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа ризашылық білдіріп, екі ел арасындағы қатынастардың достық сипатын атап өтті.

Қазақстан Президенті Ш Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу рәсіміне қатысты.

Салтанатты іс-шарада Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоған, Татарстан Республикасының Президенті Рустам Минниханов және Венгрияның Премьер-Министрі Виктор Орбан да болды.

3D – графикасын қолдана отырып ұсынылған театрландырылған қойылымға мыңнан астам актер, музыкант, әнші, шабаңдоз және спортшылар қатысты. Олар цирк өнерін, шабаңдоздық тәсілдерін, отты шоу көрсетіп, акробаттық жаттығулар орындады. ***

Мемлекет басшысы кеше Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VI саммитіне қатысып сөз сөйледі.

Саммитте ашқан Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбековке дәстүрлі қонақжайлық көрсеткені үшін ризашылық білдіріп, саммитке Озбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев пен Венгрия Премьер-Министрі Виктор Орбанның қатысып отырғанын ерекше атап өтті.

Бүгінгі басқосуға құрметті қонақтардың келуі Түркі кеңесінің ықпал аясы кеңейіп, маңызы артқанын көрсетеді. Саммитте қол жеткізетін уағдаластық пен шешімдердің арқасында өзара ынтымақтастығымыз бен бауырластық байланыстарымыз одан әрі арта түсетініне сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы кіріспе сөзінің соңында Түркі кеңесінің төрағалығын Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбековке табыстай отырып, оның жаңа мәртебесіне орай табыс тіледі.

Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі жаһандану заманында ұлттық салт-дәстүріміз бен мәдениетімізді жас ұрпаққа қалдыру ерекше маңызды екенін айтты.

– Осыған байланысты бүгінгі саммит ұлттық ойын түрлерін және жастар саясатын дамытуға арналып отыр. Жүйелі түрде Түркі кеңесі жастары көшбасшыларының форумын, ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізуді, түркі әлемінің бірегей тарихи жерлеріне өлкетану экспедицияларын ұйымдастыруды ұсынамын. Бұл шаралар жастарымызды жақындастырып, елдеріміздің мәдени ерекшелігі туралы білімдерін тереңдетуге септігін тигізеді деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның Түркі кеңесіне төрағалық еткен кезеңдегі нәтижелеріне тоқталып, бірқатар ұсыныстарды ортаға салды.

MÁJLIS I

Қызылордада цифрлық технологиялар басқармасы құрылды және облыс әкімінің цифрландыру мәселелері жөніндегі кеңесшісі тағайындалды. Кезекті аппарат мәжілісін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев кадрлық өзгерістен бастады.

ТАПСЫРМА ТИЯНАҚТЫ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Жаңа қызмет тізгіні техника ғылымдарының кандидаты Ақмарал Әлменоваға тапсырылды. Ол 2014 жылдан бері Татарстан Республикасы Ғылым академиясының кіші ғылыми қызметкері болып еңбек етіп келді. Жауапкершілігі жоғары қызметте облыс әкімі оған табыс тіледі.

Мәжілістің күн тәртібіне төрт мәселе қойылды. Бейресми жұмыспен қамтылған халықты заңдастыру және жұмысқа тарту бағытындағы жол картасының орындалуы жөнінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев хабарлама жасады. Айтуынша, жыл басында 115 мыңнан астам қызылордалықтың әлеуметтік мәртебесі нақтыланбаған болса, бүгінде соның 50%-тен астамына қатысты мәселе шешілді. Қалған бөлігінің 70%-і – өз бетінше жұмыспен қамтылған, тіркеуде жоқ жұмыссыз азаматтар. Жыл басында бұл санаттағы азаматтар саны 97 мыңнан асып жығылса, одан беріде қыруар шаруа атқарылып, нәтижесінде көрсеткіш 60%-ке төмендеді.

– Әлеуметтік мәртебесі нақтыланбаған 37 мың адаммен еңбек келісімшарты жасалып, зейнетақы жарнасы аударыла бастады. Өткен 7 айда 8 мыңдай жұмыс орны құрылды, оның 96%-і – тұрақты жұмыс орындары. Жұмыспен қамтудың кешенді жоспары 60%-ке орындалды. Жастар тәжірибесін аяқтаған 400-ден астам жастың 18%-і ғана тұрақты жұмыспен қамтылды, – деді басқарма басшысы. Елбасы жүктеген тапсырманы орындауда кедергілер жоқ емес. Соның бірі ретінде аймақ басшысы ауылдық округ әкімдерінің жиі ауыстырылуын алға тартты. Мысалы, 2013-2017 жылдар аралығында 40 елді мекенде ротация болса, биыл 8 айдың өзінде 29 ауыл әкімінің орны жаңарды.

Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз бөлігін заңдастыру міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі түйткілді шешуге көмектеседі. Саладағы реформа мен атқарылып жатқан шаралар туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлменоваға кеңінен мағлұмат берді.

2-бет

SALTANAT I

БІЛІМДІ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ



Биылғы білім күнінің де базарлығы аз болған жоқ. Облыстағы барлық білім ордалары алғашқы қоңырау салтанатын ерекше көңіл-күймен атап өтті. Әсересе Жаңақорған, Қазалы аудандарында 300 орындық жаңа мектептердің ашылуы ұстаздар мен оқушылардың, ата-аналардың қуанышына қуаныш қосты. Соның ішінде Жаңақорған ауданында 2 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Оның бірі – Түгіскен ауылында салынған 300 орындық №256 мектеп.

Жаңа оқу ғимаратының ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысып, аймақта әлеуметтік саланың дамуына баса назар аударылып келетінін атап өтті.

«Биылғы жыл Түгіскен ауылының тұрғындары үшін жағымды жаңалықтарға толы болды. Мамыр айында ауылда 140 балаға арналған балабақша және спорттық-сауықтыру кешені пайдалануға берілген еді. Бүгін жаңа мектептің ашылуы. Жалпы, аймақта әлеуметтік салаға басымдық беріліп, бірнеше жылдан бері облыстық бюджеттің ауқымды бөлігі осы жүйедегі жобаларды қаржыландыруға жұмсалуда», – деді Руслан Рүстемов.

Осындай 300 орындық мектеп Жаңақорған кентінде де іске қосылды. Атап өтейік, Жаңақорған ауданында биыл 4 білім ошағы пайдалануға берілетін болады. Бұған дейін аудандық Кожамберді ауылында 200 орындық №162 мектеп ашылған болатын. Сонымен қатар, жыл соңына дейін Аққұм ауылындағы 100 орындық білім ұясының да құрылысы аяқталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі ұсынған мәлімет бойынша облыста соңғы 5 жылда 45 білім ошағы, оның ішінде 37-сі апаттық мектептің орнына салынған. Жыл соңына дейін Арал қаласында 300 орындық және Қызылорда қаласында 600 орындық мектеп ашылады.

«СБ» ақпарат.

ҚАЗАЛЫ: 300 орындық жаңа мектеп ашылды

Жаңа оқу жылы қарсаңында Әйтеке би кентінде жаңадан салынып, пайдалануға берілген 300 орындық мектеп жұртшылықты қуанышқа бөледі. Айта кетерлігі, бұл осында орналасқан тұрғындардың көптен күткен игілігі болатын.



Жаңадан салынған №276 орта мектептің ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов, аудан әкімі Мұрат Ергешбаев, мәслихат депутаттары, ардагерлер мен ұстаздар, тұрғындар қатысты. Рәсімде сөз алған Серік Салауатулы, облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың құттықтауын жеткізіп, аймақ басшысының жаңа мектепке сыйлығы – интерактивті тақтаны салтанатты түрде табыстады. Мұнан соң білім ордасын аралап шыққан шараға қатысушылар спорт залында ұйымдастырылған гандболшылар командасының ойынын бастап берді. Жаңадан ел игілігіне берілген мектеп соңғы үлгідегі за-

манауи жабдықтармен қамтылған. Қос қабатты, бірнеше блоктан тұратын ғимаратта оқу сыныптары, спорт залы, кітапхана, мәжіліс залы, асхана, медициналық кабинет, әкімшілік және мұғалімдер бөлмесі, тағы басқа кабинеттер бар. Барынша жағдай жасалынған мектеп оқушылар мен ұстаздар үшін, ата-аналар үшін нағыз шаттық пен білім мекеніне айналары сөзсіз.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ. Қазалы ауданы.

СЫРДАРИЯ: Ақжармада спорттық кешен

Конституция күніне орай Сырдария ауданы Ақжарма елді мекенінде жаңа 120 орындық спорттық сауықтыру кешенінің ашылу салтанаты болды. Оған облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, аудан әкімі Ғанибек Қазантаев қатысты.



Ашылу салтанатында сөз алған Руслан Рүстемұлы спорттың бұқаралық сипатын дамыту мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. – Дені сау ұлт әркез бәсекеге қабілетті бола алады. Бұл жайында Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халыққа арнаған Жолдауларында терең мән беріп, бұқаралық спортпен айналысатын қазақстандықтардың үлесін арттыру жөнінде үлкен міндет қойып келеді. Осы орайда дене шынықтыру, бұқаралық спортты дамыту, типтік жобалағы спорттық нысандар салу – негізгі мәселе. Ол үшін елімізде барынша жағдай жасалып, шаралар

қабылдануда. Біздің облыста бұл бағытта көптеген жұмыстар жасалып жатыр. Жыл сайын дене шынықтыру және спорт саласының материалдық-техникалық базасы нығаюда. Соңғы жылдары облыста 9 спорт кешені пайдалануға берілді. Сондай-ақ, былтыр облыстық бюджеттен 7 елді мекенде спорт кешендерінің құрылысы басталған болатын. Бүгін, міне, Ақжарма ауылында спорт кешені беріліп отыр. Бұл – біздің аймақ экономикасының өркендеп келе жатқандығының дәлелі, – деді облыс әкімінің орынбасары. Бұдан соң волейболдан Сырдария ауданының намысын қорғап жүрген жас спортшы Жанерке Асқарова өз

әріптестері атынан ризашылығын білдіріп, Сыр өңірінің абыройын асқақтата беруге уәде етті. Еңбек ардагері, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Құрман Ысқақов атқарушы билік өкілдеріне ауыл халқының атынан шынайы алғысын білдірді. Айта кету керек, Сырдария ауданында 10630 адам тұрақты түрде спортпен шұғылданады. Бұл көрсеткіш тұрғындардың 27,2%-ін құрайды. Ауданда 128 спорт нысаны бар. Жыл басынан бері 137 спорттық шара өтіп, оған 13140 аудан тұрғыны қатысқан.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы». Сырдария ауданы.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКИМСЫЗ МЕКТЕПКЕ ЖОЛ

БАЛА ҚУАНСА, ҚОҒАМ НҰРЛАНАДЫ

Жуырда облыстық білім, жастар саясаты мәселелері, дене шынықтыру және спорт басқармалары мен «Жомарт» қайырымдылық қорының ұйытқы болуымен «Мектепке жол» қайырымдылық марафоны – 2018 шарасы болды. Марафонға қатысушылар ҚР Тұңғыш Президенті саябағынан Сұлтан Бейбарыс, Тәуелсіздік, Ш.Есенов көшелері арқылы Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадионға дейін жүгіріп өтті.

Қайырымдылық акциясына мемлекеттік мекеме қызметкерлері, үкіметтік емес ұйымдар мен қала тұрғындары, барлығы 1100 адам қатысты. Нәтижесінде 550650 теңге қаржы жиналды. №140 мектепте өткен акцияда аталған қаржы есебінен 46 тұрмысы төмен отбасына көмек көрсетілді. – «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы балаларға қуаныш сыйлайтын, көпбалалы отбасыларға қолдау көрсететін игі шара. Аймақта 1-20 тамыз аралығында барлығы 4206 балаға осы акция аясында көмек берілді. Акция қыркүйек айының соңына дейін жалғасатын болады. Осы ретте, балалардың бақыты үшін қолдарынан келгенше көмек қолын созған барлық ҰЕҰ, жергілікті мекемелерге, қайырымдылық қорларына алғыс білдіреміз, – деді облыстық білім басқармасының бас маманы Н.Жұманов. Өз кезегінде ата-аналар да ризашылығын білдірді. Солардың бірі Вибиноүр Әбдірова: – Менің алты балам бар. Бәрі тете өсіп келеді. Алды 6-сыныпта оқиды. Олардың барлығын оқу құралдарымен қамтып үлгермей жатырмын. Осылай көмектесіп, қолдау білдіріп, кішкене болса да сый көрсетіп жатқан ел ағаларына, қайырымды жандарға, облыстық білім басқармасы мен өзге де мекеме қызметкерлеріне барлық ата-аналар атынан алғыс айтамын, – деді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».



БАРЛЫҚ МЕКТЕПТЕ КЕҢЖОЛАҚТЫ ИНТЕРНЕТ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Қазіргі таңда облыстағы мектептердің 93,1 проценті кеңжолдақты интернетке қосылған. Сонымен қатар, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде 8096 ескі компьютер жаңартылып, заманауи пәндік кабинеттер және 3D зертханаларымен қамтылатын болады. Бұл туралы облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдебекованың мәлімдемесіне сілтеме жасап, облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлайды.

2018-2019 оқу жылында 154 559 оқушы, оның ішінде 18 942-сі бірінші сыныпқа барады. Жаңа оқу жылының қарсаңында Қазалы және Жаңақорған аудандарында жаңа мектептер пайдалануға берілді. жыл соңына дейін Арал қаласында 300 орындық және Қызылорда қаласында 600 орындық білім ошағы ашылады.

Сонымен қатар, 156 мектеп физика, химия, биология пәндерінің кабинеттерімен 92 мектеп робототехника кабинеттерімен, 9 оқушылар сарайы «3D зертханалармен» жабдықталады. Қалалық және ауылдық мектептер деңгейін теңестіру бағытындағы шаралар аясын-

да шағын жинақталған мектептер Bilim Book кешенімен қамтылады. «Өздеріңіз білетіндей, Жалағаш ауданы, Шәменов ауылындағы 2018 жылы апаттық деп танылған мектептен басқа облыста үш ауысымдық білім беру және апаттық мектептер жойылды. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға 1,5 млрд теңге бөлінді. 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық қайырымдылық акциясы өткізіледі. Қазірде, онда 4 мыңнан аса бала 22 миллион теңгеден астам қаражат көлемінде көмекке ие болды», – деді Майра Мелдебекова. Жаңа оқу жылында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5-7 сыныптар бойынша «Олкетану» пәні, сондай-ақ, биылдан бастап 3-сыныптарда

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні енгізілетін болады. Естеріңізге салайық, өткен оқу жылында 7113 мектеп бітіруші түлектің 4742-сі Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. ҰБТ-ның орташа балы 85,2% құрады. 2732 түлек мемлекеттік білім беру грантына ие болды. Сондай-ақ, облыс әкімінің 205 гранты, 43 ректор гранты, Мәскеу мен Санкт-Петербургтің жетекші жоғары оқу орындарының 70 гранты мен ЕурАзЭҚ Парламентарлық Ассамблеясының жанындағы университетіне 10 грант бөлінді. 39 грант әскери оқуға және шетелдік университеттерге 29 грант бөлінген. Осылайша, 3 мыңнан астам сырбойлық түлек грант негізінде білім алады.

«СБ» ақпарат.



МЕРДІГЕРЛЕР ЖАУАПСЫЗДЫҒЫНАН МЕРЗІМІНЕН КЕШІКТІ

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұхамедиса Әлсеріковтің айтуынша, мердігерлердің жауапсыздығынан Жаңақорған ауданы, Аққум ауылындағы 100 орындық мектеп пайдалануға берілетін мерзімінен кешіктірілуде. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Басқарма басшысының айтуынша, мектеп құрылысының бас мердігері «Нұрым» ҚК» ЖШС нысанды ағымдағы жылдың шілдесінде тапсыру керек болған. Дегенмен, құрылыс кестеден қалыс қалып, оқу жылының басында дайын болмай отыр. «Мектептің құрылыс жұмыстары кесте бойынша былтыр басталды. Жұмыстың бастапқы кезеңі уақытылы жасалды, бірақ 2018 жылғы жұмыс қарқыны бәсеңдеді», – дейді М.Әлсеріков. Қазіргі таңда жұмыс көлемінің 85%-і орындалды, абақтандыру, көгалдандыру және технологиялық жабдықтарды орнату жұмыстары аяқталмай отыр. «Қоймаға заттар жеткізілгенімен, мердігерлер жабдықтардың орнатылмауына байланысты әрлеу жұмыстарын

уақытында бітіріп үлгермеді. Кестеден кеш қалуларына қатысты бірнеше рет ескертіліп, атап айтқанда, мердігерге 3 хат, техникалық қадағалау инженеріне бір рет хат жолданды. Қазіргі таңда, мемлекеттік сатып алушының жауапсыз әрекеті үшін сотқа беріп, сонымен қатар айыппұл төлетіп, құрылысты аяқтауды міндеттеуге қатысты сот ісі басталды», – дейді басқарма басшысы. Оның айтуынша, құрылыс және қабылдау жұмыстары ағымдағы жылдың төртінші тоқсанында аяқталады. Облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары Құралай Ергашованың айтуынша, құрылыс аяқталғанға дейін сабақ оқу процесіне жарамды ескі мектеп ғимаратында өткізіледі. Еске салайық, осы жылдың қаңтар айында Жалағаш ауданы, Шәменов кентінде 300 орынға арналған №34 мектеп апаттық жағдайда деп танылды. Бұл аймақтағы жалғыз апаттық мектеп болып табылады. Осы мектептің мәселесін шешу үшін қазірдің өзінде жаңа мектептің құрылысына қажетті жер беріліп, жобалық-сметалық құжаттама әзір-



леніп, республикалық бюджеттік комиссияның биылғы жылғы қарауына ұсынылды. Республикалық бюджеттік комиссияның оң шешімімен мектептің құрылысы биыл басталады деп жоспарланып отыр. Бұған дейін оқу процесі бұрынғы мектептің сабақ отуға жарамды кабинеттерінде 2 ауысымда жүргізілетін болады. Соңғы 5 жылда өңірде 37 апаттық мектептің орнына 45 мектеп салынған.

«СБ» ақпарат.

АСТАНА АСПАНЫНДА СЫРДЫҢ САЗЫ ҚАЛЫҚТАДЫ



Биыл барша қазақстандықтар еліміздің жүрегі Астана қаласының 20 жылдық мерейтойын атап өтуде. Тамыздың соңғы аптасында облыстық филармонияның «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі мен дәстүрлі орындаушылар мерейлі мереке құрметіне арнап «Астана – төрім, ордалы елім» атты концерттік бағдарлама ұсынды.

Сырбойлық өнерпаздар елордалық көрермендерді ән мен жырға, күй мен термеге сусындатты. Сахна шымылдығы ақын Айдос Рахметовтің «Арнауымен» ашылды. Оны елге танымал жыршы Күнсүлу Түрікпен шырқаса, «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері Үміт Медеуова «Ақтамақ», «Бесқопа» және «Қосқаракөз» сынды халық әндерін орындады. Мұнан бөлек, көрермен қауымға жергілікті композиторлардың шығармалары да ұсынылды.

Концертте «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі Абылайханның «Қара жорға», Қазанғалтың «Дөңгелек ақжелең» күйлерін, мәңгілік өмір іздеген Қорқыттың «Қоңыр», Шал Мырзаның «Ташауыз» күйлерін өрнектеді.

Сахнаға жыршы-жыраулар Ақмарал Ноғайбаева, Бисенбек Төлеубаев шығып, жыраулық өнердің бірнеше мектебі қалыптасқан өңірдегі сұлу мақамды әулетесе, ансамбль солисі Эльмира Қалқожаева халық әндері «Ай-қаракөз», «Құрбым-ай», «Әтүғайды» «Ақмешіт» фольклорлық ансамблінің сүйемелдеуімен орындады. Осылайша, өнер сандақтары астаналықтардың қошеметіне бөленді.

Жауһар қала Астана шаһарының 20 жылдық мерейтойына Сырдың бойынан өзіміздің шағын тобымызбен келдік. Бүгінгі концерттіміз 3 блогтан тұрды: жеке әншілер, «Ақмешіт» ансамблінің бағдарламасы және жыршылар блогы. Домбыраның күмбірі мен қобыздың қоңыр үнін сағынған Астана жұртына өнерімізді риясыз жүрекпен ұсындық. Концертті көрермендер аса жоғары бағалады. Соған қуаныштымын, – деп ағынан жарылды әнші Үміт Медеуова.

Елордалық көрермен Сыр елінің өнер иелеріне ризашылықтарын білдіріп жатты.

«СБ» ақпарат.



АЛЫП ТҰЛҒА, СОМ БІЛЕК

Барша қазақтың абыройын зілтемірмен қоса аспанға көтерген Илья Ильин үлкен спортқа қайта оралды.

Екі дүркін Олимпиада чемпионы, төрт мәрте Әлем чемпионы атағын жеңіп алған Илья Ильин 2008 және 2012 жылғы олимпиада ойындарында тыйым салынған дәрумендерді қолданғанды деген желеумен жарыстардан шеттетілген болатын. Төрт жылдан кейінгі төрелікке оның отандастары ғана емес, әлемдік жанкүйерлері де әрі-сәрі күйде қалған. Бірақ, халық алтын ұлының өз тұғырына қайта шығатынына сенімін жоғалтпады. «Илья мен үшін чемпион болып қала береді» деген Елбасы сөзі де спортсүйер жұртшылықты сүйсінткен еді.

Жақында Талдықорғанда ауыр атлетикадан ҚР чемпионаты болып өтті. Дүбірлі додада спортқа қайта оралған ауыр атлет Илья Ильин 102 келіге дейінгі салмақта бәсекелестерінен бір бас жоғары екенін дәлелдеп берді. Ол жұлқа көтеруді 165 келіден бастады. Мұндай салмақты инағаш құрлы көрмейтін Илья екінші мүмкіндігінде 170 келі, соңғы мүмкіндігінде жарысты 172 келі жұлқа көтеруден түйіндеді. Илья Ильинмен Азия чемпионы Рүстем Сыбай да бәсекелесті.

Серпе көтеру жаттығуын Илья 200 келіден бастады. Екінші мүмкіндігінде мүлт кетіп, соңғы сәтте 208 келіні басынан асырды. Ал, Рүстем Сыбай дитеген салмақты екі рет ырқына көндірсе

алмай, ер кезегі үшіншіде 207 келіні бағындырды. Сөйтіп, Илья өз салмағында 380 келі (172+208) көрсеткішпен топ жарды. Рүстем Сыбай (171+207) болса, 96 келіге дейінгі салмақта Қазақстан рекордын жаңартты.

Жарыс соңында журналистермен жүздескен Илья Ильин: «Мен қайта оралдым. Үш жылдан кейін тұғырға қайта шығу оңай болмады. Сондықтан аз салмақ көтеруден бастадым. Әрі қарай дайындаламыз. Нәтиже жоғары болса, Әлем чемпионатына қатысамын» – деді.

Осы байрақты сында Қызылорда облысының ерлер құрамасы ерекше өнер көрсетіп, 360 ұпаймен командалық есепте Алматы мен Шығыс Қазақстанды артта қалдырып, 1-ші орынды жеңіп алды.

Осылайша облыс қоржыны 5 алтын (И.Ильин, Р.Сыбай, А.Зайчиков, А.Төлеген, Ә.Салықова), 2 күміс (Б.Айтбай, Ә.Оразбек), 1 қола (Н.Кеңесбек) медальмен толықты.

Спортшылар қараша айында Ашхабадта өтетін Әлем чемпионатына қатысатын болады.

Алып тула, сом білек, алтын адам Ильяларыңызбен қайта қауышқынымыз құтты болсын!

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,

«Сыр бойы».

SEMINAR I

Қазақ аудармасындағы жаңа белес


Сөйлеу тілінің ойға оралымды, айтуға ықшам болуы шұбарланбауына, әсіресе, сырттан енген сөздердің түсініктілігіне байланысты. Осыған орай, аударма жасау, қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру бағытындағы жұмыстармен хабардар ету үшін «Аударма мәселелері» атты облыстық семинар өтті. Ішкі саясат басқармасы мен «Туған жер» қоғамдық қозғалысы ұйымдастырған жиынға тілге жауапты мамандар, филолог-ғалым, оқытушылар қатысты.

Ғалымдар «орыстанып» кеткен сөздерді аудару бастады. Бірақ, әр ғалым өздігінше, әртүрлі нұсқа ұсынғандықтан көптеген сөз жалпыхалыққа түсінікті, сіңісті болып кете алмады. Айталық, әлдебір ғалымның аударуымен циркульді «шеңбер сызғыш» деп айту, «универсальный магазиннің» баламасымен «орталық әмбебап дүкеннен киім сатып алдым» деу мүмкін емес қой. Сондықтан, әліпби ауыстырудың негізгі мәселесі – тілімізге енген жат дыбыстардан арылу, қазақ тілінің өз заңдылығына сай сөйлеу, – дейді ол.

Аман Мәделханұлының айтуынша, басқа тілден енген дыбыстарды пайдаланбай-ақ, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес, кірме сөздерді қолдануға болады. Мәселен, Фатиманың – Патыма, философияның – пәлсапа деп айтылғаны секілді. Бұл ойдың түйіні белгілі, кірме сөзге түрлі аударма жасап қиындатпай, қазақ тілінің төл әріптерін қолдану, сөз айтуда Ахмет Байтұрсынов атап көрсеткен қазақ тіліндегі 28 дыбысқа ғана сүйену қажет.

Жинда «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» тақырыбында баяндама оқыған облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Нұрсәуле Мусаева гуманитарлық ғылымдар бойынша 100 кітапты аудару ісі басталып, бүгінде 18 оқулық оқырманға ұсынылғанын атап өтті. Әлемге белгілі кітаптарды түпнұсқадан аудару кәсіби аудармашыларға мол тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берді. Әсіресе, халықаралық, ғылыми терминдердің бір ізге түсуіне жол ашты. Сондай-ақ, семинарда «Аудиовизуалды полисемантикалық аударма стратегиялары» тақырыбында Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың оқытушысы Сәуле Жарбулова, «Сөйлеу мәдениеті және аударма» тақырыбында облыстық тілдерді дамыту орталығының оқытушысы Баян Байділдаева баяндама жасады. Живин соңында қатысушылар аударма мәселесі мен латын әліпбиіне қатысты ой-пікірлерін білдіріп, аударма саласын жетілдіру бағытында ұсыныстар айтты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».



ОЛЖАМЕН ОРАЛДЫ

Түркістан облысының Түлкібас ауданында сенжорлар арасында өткен кезекті шахматтан Қазақстан чемпионаты 50 жасан асқан ардагерлердің басын қосты.

Академик Оразбек Қалдыбаевты еске алуға арналған республикалық деңгейдегі зияткерлік ойынға халықаралық гроссмейстер, халықаралық шебер, ФИДЕ шебері, Әлем чемпиондары мен Азия чемпиондары да қатысты. Ойын барысында қатысушылар жеңіске деген құштарлығын көрсетіп қоймай, өзара достарына жинақтады. Ең қуаныштысы, тартысқа толы бәсекеде кіші сенжорлар арасынан әріптесіміз, облыстық «Қызылординские вести» газетінің бас редакторы Тимур Қасымов жүлделі III орынды қанжығаға байлады. Бұл – өңір тарихында ерлер арасындағы шахматтан жоғары жетістік.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.



ЖӨРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

8 қыркүйекте сағат 8.00-ден 13.00-ге дейін Жаңақорған ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Қызылорда қаласы, Астана даңғылының бойы (Е.Көшербаев көшесі мен А.Иманов көшесінің аралығы) ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіледі.



ТІЛШІЛЕР ВЕЛОСИПЕД ТІЗГІНДЕДІ

Қазақстан Республикасының Конституция күніне және Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері велошеру өткізді.

Облыстық ішкі саясат басқармасы ұйымдастырған спорттық шараға 60-тан астам БАҚ өкілдері қатысты.

Басқарма басшысы Талғат Маханов қатысушыларға сәттілік тілеп, ұйымдастырылған шараны маңыздылығын атап өтті.

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері облыс дамуының оң имиджін қалыптастыруда өз үлестерін қосып келеді. Салауатты өмір салтын насихаттау әр кезде маңызды. Сондықтан журналистер арасында спорттық шаралардың жиі ұйымдастырылып тұруы қажет деп есептейміз, – деді Талғат Толыбайұлы.

Велосипед тізгініндегі «Сыр Ана» монументінен бастап, «Қорқыт ата» ескерткішіне дейінгі қашықтықты бағындырды.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

Кезекші редактор Ұдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

<p>Меншік иесі</p> <p>СЫР МЕДИА</p> <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ</p> <p>қабылдау бөлмесі телефакс: 8/7242/ 70-00-36</p> <p>БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ</p> <p>қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17</p>	<p>Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81</p> <p>Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34</p>	<p>Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.</p>	<p>Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыру газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ” – ақылы қызмет.</p>	<p>Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p> <p>Таралымы 28729 Тапсырыс №1394</p>
--	---	--	---	---	--